

Қош келдің, Жаңа жыл - 2022!

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Ясауи университеті

университет студенттерінің үні

№ 20(514) 30 желтоқсан 2021 жылы



**ҚЫСҚА
ҚАЙЫРҒАНДА**

ҒАЗИ УНИВЕРСИТЕТІНЕН СЫЙЛЫ ҚОНАҚТАР КЕЛДІ

Жуырда оқу ордамызда Гази университеті медицина факультеті деканы Мұстафа Нежми Илхан және Гази университеті медицина факультеті декан орынбасары Иляс Окур, Гази университеті ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Мурат Дизбай университетіміздің медицина факультетінің оқытушы-профессорлар құрамымен кездесті. Кездесуде екі жақты білім беру бағдарламалары, қос диплом беру мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар жиын барысында өзара тәжірибе алмасу жайында да сөз қозғалды.

Шара соңында оқытушы-профессорлар сұрақтарын қойып тиісінше тұщымды жауаптар алды.

Келелі кездесуде сыйлы қонақтарға арнайы сыйлықтар берілді.

СЕМИНАР ӨТТІ

Ахмет Ясауи университеті Өкілетті Кеңесінің қолдауымен Түркология ғылыми-зерттеу институтында «Түркістан облысындағы материалдық емес мәдени мұраны жинау, мұрағаттау және сақтау» атты жобаға дайындық жұмыстары бойынша семинар өткізді. Семинарда түркиялық ғалым док., проф. Метин Экиджидің «Материалдық емес мәдени мұралар: Фольклорды жинақтау әдістері» атты семинар өтті. Семинарда бейнелерді сақтау құралдарына тасымалдау, фотосуретпен кәсіби жұмыс жасай алу, техникалық құралдарды пайдалану, ұжымдық жұмыс жасау және дайындықтар жөніндегі ойларымен бөлісті. Семинар соңында Түркология ғылыми-зерттеу институты директоры док., проф. Бүлент Байрам Ахмет Ясауи университетінің және Түркология институты атынан ғалым док., проф. Метин Экиджиге алғысын білдірді.



ЖАҢА ЖЫЛ ДАРЫҢЫЗБЕН!

**Құрметті университет ұжымы!
Қымбатты студенттер!**

Сіздерді жаңа жыл мейрамымен құттықтаймын!

Жаңа жыл әр адамның жүрегіне жаңа үміттер мен аппақ армандар ұялатып, ғажайып қиялдарға жетелейді. Өмірдің тағы бір жаңа парағы ашылатын осынау қуанышты сәтте Сіздерге жаңа жетістіктер мен кәсіби табыстар тілеймін. 2022 жыл жақсы өзгерістерге, жылы кездесулерге, көңілді оқиғаларға толы болсын!

Барыс жылы әр шаңыраққа жаңа табыс, жаңа шаттық алып келсін! Жаңа жыл құтты болсын!

Құрметпен, университет ректоры: Жанар ТЕМІРБЕКОВА



БАЛАЛАРҒА ШАТТЫҚ СЫЙЛАДЫ

Түркістан Оқушылар сарайында балаларға арналған мерекелік кеш өтті.

Жаңа жыл кешіне Ахмет Ясауи университетінің оқытушы-профессорлары мен қызметкерлерінің балалары қатысты. Оқу ордамыздың Кәсіподақ ұйымы 900 балаға Түркістан қалалық оқушылар сарайына жаңа жылдық шыршаға қатысуға билет үлестірген болатын. Жүздері бал-бұл жанып Жаңа жыл кешіне асыққан балаларды көңілді бишілер мен ертегі кейіпкерлері қарсы алды. Олармен бірге би билеп, қызықты ойындар ойнады. Балалар жаңа жылдық кештің басты кейіпкерлері Сиыр жылы мен Барысты, Аяз Ата мен Ақшақарды қарсы

алды.

Шыршаны айнала ән салып, ертегі кейіпкерлерімен естелік суретке түсті. Одан кейін кәсіби актерлер сомдайтын “Жаңа жылдық жалын құс” театрлық қойылымын тамашалады. Өздеріне арналған мерекені сезінген балалардың да көңіл-күйі тамаша. Олар да өз өнерлерін көрсетіп, кештің шырайын кіргізді. Өрі қарай балалар мерекені би алаңында жалғастырды.

Әсерлі қойылымнан шыққан әр бала Жаңа жылдық көңіл күйді сезініп тамаша әсермен тарасты. Ата-аналар әр баланың қуанышына себепкер болған тамаша концерттік бағдарламаны ұсынған Түркістан оқушылар сарайына, университет басшылығына алғыстарын айтты.



АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

АДАМНЫҢ ҮЙЛЕСІМДІ ДАМУЫ ҰЛТТЫҚ ИНСТИТУТЫМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ОРНАДЫ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын дамыту және ілгерілету саласындағы ынтымақтастық туралы уағдаласты.

Университетіміздің ректоры Жанар Амангелдіқызы мен Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының бірінші вице-президенті Иса Мұсаұлы кездесіп, меморандумға қол қойды.

Иса Мұсаұлы Халықаралық қазақ-түрік университеті облыс пен республика үшін педагогика саласындағы мамандарды даярлайтын ең ірі жоғары оқу орындарының бірі болғандықтан, институт басшылығы өзара серіктестік орнатуға ниетті екенін атап өтті.

Меморандум аясында институт өкілдері университет базасында оқу жылы бойына «Өзін-өзі тану» пәні бойынша кәсібилікті жоғарылататын курстар өткізумен, түрлі іс-шараларды ұйымдастырумен айналысатын болады.



Айта кетерлігі, тараптардың білім беру саласындағы өзара ынтымақтастығы нәтижесінде оқу орнымызда «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КЕАҚ-ның Түркістан облысы бойынша филиалы ашылды. Бұл офис алдағы уақытта тек университет емес, облысымыздың игілігі үшін жұмыс істейтін болады.

Осылайша, университетіміз бен Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты арасында тығыз қарым-қатынас орнамақ. Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылғаннан кейін Иса Мұсаұлы ректор Жанар Темірбековаға «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру

бағдарламасының авторы Сара Алпысқызы Назарбаеваның арнайы сый-сияпатын табыс етті. Өз кезегінде, Жанар Амангелдіқызы да университет тартуын ұсынды.

СТУДЕНТТЕРІМІЗ «ҚР СПОРТ ШЕБЕРІ» АТАҒЫН АЛДЫ

Университетіміздің әлеуметтік-мәдени даму вице-ректормы Асқар Тұрғанбаев спорттық жетістіктерге жеткен студенттерді қабылдады.

Вице-ректор баскетболдан университеттің қыздар командасының мүшелері мен олардың бапкері Мамахан Ғалияны қабылдады. Асқар Тұрғанбаев жақында ғана «ҚР Спорт шебері» атағын алған студенттеріміз Жақыпова Тамилла, Телтаева Мерей, Марченко Юлия, Нұрмахамбетова Айдана, Қыдырәлі Сымбат, Серікбаева Мақпалды жарқын жетістігімен құттықтады.

Айта кетейік, баскетболшы қыздарымыз Қазақстан Республикасының Чемпиондары, 2020-2021 маусымындағы ҚР әйелдер арасындағы Ұлттық Лигасының 2 орын иегерлері, ҚР Кубогының 3 орын иегерлері.



Сондай-ақ, әлеуметтік-мәдени даму вице-ректормы Қырғызстан Республикасында өткен ауыр атлетикадан әлем чемпионатының жеңімпазы Мухаммадрасул Расуловпен кездесті.

Студентіміз 18-19 жас аралығындағы спортшылар бәсекесінде 82,5 келі салмақ дәрежесінде бақ сынап, үздік нәтижені тіркеді. Осылайша, Мухаммадрасул Азия чемпионатындағы күмісін алтынға айналдырды.

Вице-ректор Асқар Тұрғанбаев спорт саласының биігін бағындырып жүрген студенттерге денсаулық, күш-қуат пен табыс тілеп, университет басшылығы атынан алғысын айтты.

ОҚУ ОРДАМЫЗДА:

Тоғыз бірдей оқытушымыз «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері атанды!

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің тоғыз бірдей білікті оқытушысы «Болашақ» халықаралық стипендиясына ие болды! «Болашақ» халықаралық стипендиясы иегерлерінің қатарынан көрініп, мерейімізді үстем еткен оқытушыларымыздың аты-жөні төмендегідей:

1. Азретбергенова Гулмира Жарылхасиновна,
2. Беркинбаев Мейрамбек Онгарбекович,
3. Исаев Мухтар Сеитханұлы,
4. Курбанбеков Бакытжан Алимханович,
5. Қалдыбай Қайнар Қалдыбайұлы,
6. Нурбетова Гульнар Оразалиевна,
7. Ризаходжаева Гүлнара Абдумажитқызы,
8. Садибеков Асқат Кенесович,
9. Тайжанов Лесбек Түзелбекович.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан жарияланған ресми ақпаратта: «Болашақ» халықаралық стипендиясы иегерлерінің тізімі жарияланды. Республикалық комиссияның шешімімен осы жылғы іріктеудің үшінші легінде стипендия 569 қазақстандыққа тағайындалды. Оның ішінде 163 адам магистратураға, 4 адам әлемнің үздік жоғары оқу орындарының докторантурасына түсті. «Тағылымдама» бағдарламасы бойынша 37 стипендиат білім алады. Тағы 365 ғалым шетелдік ғылыми-зерттеу орталықтарында тағылымдамадан өтеді.

«Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлері академиялық оқудан және әлемнің 27 елінің жетекші университеттері мен ғылыми және сала аралық орталықтарында тағылымдамадан өтеді. 220 адам АҚШ, 136 – Ұлыбритания, 57 – Ресей Федерациясы 13 – Австралия, 14 – Германия, 3 – Жапония т. б. мемлекеттердің жоғары оқу орындарында білім алады», - делінген. Әріптестерімізді толағай табыстарымен шын жүректен құттықтаймыз!

Түркология институтында «Материалдық емес мәдени мұралар: қайта жаңғырту және коммерцияландыру» атты семинар өтті.

Ахмет Ясауи университеті Өкілетті Кеңесінің қолдауымен Түркология ғылыми-зерттеу институтында «Түркістан облысындағы материалдық емес мәдени мұраны жинау, мұрағаттау және сақтау» атты жобаға дайындық жұмыстары бойынша семинар өткізді. Семинарда түркиялық ғалым, док., доц. Адем Кочтың «Материалдық емес мәдени мұралар: қайта жаңғырту және коммерцияландыру» атты семинар өтті. Семинарда материалдық емес мәдени мұраларды қорғау жөнінде, қорғау негіздемесі, мәдени мұраның өміршеңдігін қамтамасыз ету, мәдени мұраны жаңғырту жөніндегі ойларымен бөлісті. Семинар соңында Түркология ғылыми-зерттеу институты директоры док., проф. Бүлент Байрам университетіміздің және Түркология институты атынан ғалым док., доц. Адем Кочқа алғысын білдірді.

Түркология ғылыми-зерттеу институты

АНГЛИЯ РАСКИН УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ПРОФЕССОРЫ, PhD ДАБАБРАТА ЧОУДХУРИ НАРАЯН:

«ҰСТАЗ АЛАҢДАМАЙ, ТЕК БІЛІМ БЕРУІ КЕРЕК»

Университетіміздің «Экономика, басқару және құқық» факультетіне Ұлыбританияның Англия Раскин университетінің (Anglia Ruskin University – ARU) профессоры, PhD Дабабрата Чоудхури Нараян Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында оқу орнымызға 4 апталық мерзімге келіп кетті. Өз тәжірибесімен бөлісіп, студенттерімізге дәріс оқыған шетелдік профессормен сұхбаттасқан едік.

– Дабабрата мырза, өзіңіз жайында қысқаша айтып өтсеңіз.

– Мен Бангладештің бір ауылынан шыққан жігітпін. Бангладеште өсіп, мектепті бітірген соң, Түркияның шетел азаматтарына арналған грантын жеңіп Ходжеттепе университетінде «Компьютерлік инженерия» мамандығында білім алдым. Түркияда бакалаврды бітірген соң Англия, Америка елдерінде оқуымды жалғастырдым. Докторантураны 2005-2009 жылдар аралығында оқып, бітірдім де Ұлыбританияның Англия Раскин университетінде оқытушы болып қызметімді бастадым. Европаның біраз мемлекеттерінде жұмыс істедім. 7 елдің тілінде сөйлеймін, әлемнің 35-36 мемлекетін араладым.

Менің өмірбаянымды естіген Түркістандық студенттердің көзқарасынан ерекше қызығушылық байқадым. Осылай өмірімізбен де үлгі болып отырсақ жастардың талпынысы, өмірге деген құштарлығы арта түспек.

– Қазақстанға бұрын келген бе едіңіз?

– Ортақ таныстарым арқылы шақырту алып Қазақстанға 2012 жылы алғаш рет 4 күнге КБТУ-ге келіп кеткен едім. Сіздердің елге деген қызығушылығым 1993-94 жылдары Түркияда оқып жүргенде қазақ студенттерімен танысқаннан кейін оянған болатын. Бұл жаққа келмей тұрып бірнеше университеттерден шақыртулар алғанмын. Солардың арасынан Ясауи университетін таңдап, осында келдім. Бұл жердің артықшылығы Түркістанда Ахмет Ясауи хазіреттері өмір сүрген рухани бай жер. Сонымен қатар бұл оқу орнының студенттері түрік тілін білетін болғандықтан түсінісу кезінде ешқандай мәселе болмайды. Ал басқа жерлерде тіл мәселесі туындайды. Ректор Жанар ханыммен 2013 жылдан бері таныспын және басқа да көптеген достарым бар.

Осындай іс сапарлардан мен орта қалыптастырып, таныс-тамыр арттырамын. Әріптестермен бұл жерде бірге мақала жазамыз,

керісінше білім алу алдыңғы орынға шығыпты. Тағы бір қуантарлығы ректорлардың жасы жасарып жатыр екен. Көпшілігі шетелде білім алып келгендер немесе шетелдің білімін көріп келгендер. Осы келгенімде Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау, Түркістан қалаларында

болдым. Бір байқағаным кәсіпкер болсын, басқа да ата-аналардың ұл-қыздарына «білім ал, оқысаң адам боласың» деген сөздерін көп естідім. Мемлекет тарапынан қолдау бар екендігін сезесің.

– Екі елдің білімі мен студент-жастарының айырмашылығы бар ма?

– Екі елдің айырмашылығында жалақы мәселесі.

Қазақстандықтардан байқағаным бір жұмыстан екінші бір жұмысқа асығып жүреді екен. Англияда жалақы өте жоғары. Ондағы ұстаздар алаңдамай сапалы білім беруге ғана көңіл бөледі. Сапалы білім болу үшін жалақыны көтеріп, ұстаздардың жағдайын жасау керек.

Ағылшын студенттерін сапасына қарай 3 деңгейге бөліп – өте ақылды, орта, диплом алу үшін оқитындар деп қарастырсақ болады. Бізде технология дамыған,

сабаққа қатысу жағын қадағалу жақтары көш ілгері екенін айта аламын.

Ал қазақстандық студенттер өте ақылды, кез-келген жаңалықты үйренуге дайын тұратындығы байқалады. Сол себепті осы потенциалды дұрыс пайдаланып, жастарды дұрыс бағыттап алса елдің болашағы жарқын болары сөзсіз.

Студенттер барлық жерде бірдей десек болады. Ұйықтағанды ұнатады, сабаққа барғысы келмейді, қыдырғанды жақсы көреді.

Бұл әлем жастарына ортақ мәселе. Сіздердегі бір жақсы үрдіс студенттер ата-анасымен бірге тұрады. Бір жағдай орын алатын болса ата-анасымен хабарласып, студентті түзетуге мүмкіндік бар. Ал Англияның жастары 16 жаста мемлекеттің қарамағына өтеді. Ата-анаға бағынбайды, бөлек тұрады. Сөйтіп студенттер ата-ана тәрбиесінен алшақ қалады. Егер бір проблема туындаса тек студентпен ғана сөйлесеміз, ол мәселені шешуге айтарлықтай қиындық тудырады.

– Оқырмандарға айтар тілегіңіз?

– Байқағаным университетте негізінен жергілікті жердің жастары оқиды екен. Сондықтан өз балаларымыз үшін «менің университетім» принципі негізінде жұмыс атқару керек. Оқу ордаларыңызға екі елден де қолдау көрсетіледі. Осы қолдауларды ұтымды пайдаланса, басқа университеттерге үлгі боларлық деңгейге жетері сөзсіз. Медицина факультетінің

болғаны қуантарлық жағдай және Түркістан үшін өте маңызды. Осындағы әрбір адам тек жұмыс істейтін жер деп емес, «менің университетім» деп қабылдаса оқу орны қарқынды дамиды еді.

Бәріңіз бақытты болыңыздар!



зерттеулер жүргіземіз. Ал басқа университеттерге барғанда ортада бір дуал сияқты кедергі тұрады. Осы уақытқа дейін көп мемлекетте болдым, солардың ішіндегі жаныма жақыны Қазақстан.

– Ясауи университетіне алғаш рет 2013 жылы келіпсіз. Осы аралықта қандай да бір өзгеріс, ілгерілеу байқадыңыз ба?

– Менің алғашқы келген кезіммен салыстырса менталитет өзгеріпті. Яғни ойлау қабілеті де ауысып отыр. Бұған әсер етуші фактор ретінде мемлекет пен университеттің халыққа әсерін атар едім. Алғашқы келгенімде диплом үшін оқитын сияқты еді, қазір

Сұхбаттасқан:
Эльмира АРТЫҚБАЕВА

СТУДЕНТ ОЙ АЙТАДЫ

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЖАСТАР: ТӘРТІП һәм ТӘРБИЕ

Қазіргі таңда өмірге көзқарастары толық қалыптаспаған жастардың арасында қылмыстың жасалуы жиі кездеседі. Қылмыстың жасалуына жастардың криминалдық немесе зорлық-зомбылық көріп өскен ортада өмір сүруі де ықпал етеді. Жастардың арасында қылмыстың көп жасалуына ол отбасындағы берілген тәрбиеге, ата – ананың балаға көңіл бөлуіне де байланысты.

Қаншама уақыт өтсе де өзінің құндылығын, өзектілігін жоймайтын маңызды мәселе - ол жас ұрпақ тәрбиесі. Қазіргі таңдағы ғылыми техникалық прогресс пен өркениетті даму дәуіріне бет бұру кезеңінде қоғамда лайықты, саналы ұрпақ қалыптастыру кез - келген ата - ана мен қоғамдық ортаның міндеті.

Ата-бабамыз сонау ерте заманнан бастап бала тәрбиесіне аса мән беріп, үлкен жауапкершілікпен қараған. Ұл балаға ер жігітке тән тәрбиені бойына дарытса, қыз баланың өзіне тән ибалы қасиеттерін бойына сіңіріп тәрбиелеген.

Одан бері қаншама уақыт өтті. Қазір жаңа заман, жаңа көзқарастар. Жастардың қазіргі уақыттағы өмірге деген көзқарастары, сана - сезімдері, ойлау қабілеттері мүлде бөлек. Алайда барлық қазақ отбасында бірдей қазақы тәрбие жойылды деп айтуға болмайтын шығар. Алайда қазіргі нарық заманында адами құндылықтар, қазақы тәрбие сынды дүниелер бағасын жоғалта бастағандай. Қоғамдағы жастардың бір - біріне деген қатігездігін көріп отырып еріксіз осылай ойлайсың. Бұрындары неше түрлі айуандықтарды теледидардан, басқа да шетелдік бағдарламаларды көргенде сенбеуші едік. Алайда соңғы жылдары дәл сондай сұмдық жағдайлар біздің елімізде белең алып жатыр. Ұрып-соғу, тиісу, зорлық-зомбылық, адам өлтіру сынды сорақы қылмыстармен ұсталып, жазаланып жатқан жастарды күнде көретін болдық. Олардың арасында өз жазасын алмай, тайраңдап жүргендері қаншама...

Осы мәселе бойынша бірнеше жастардың пікірін білуге тырысып көрдік, солардың бірі 2-курс студенті Гүлназым:

"Менің ойымша қазіргі жасөспірімдер мен жастар арасындағы қылмыстың көбеюіне қоғамның қатып қалған себептерімен, стереотиптері кінәлі. Мысалы: мектеп қабырғасындағы буллинг ол әлсізге әлімжеттік көрсету, табиғат заңдылығындағыдай ең мықтылар өмір сүреді деген ұғымды мысал ретінде алуға болады. Ал егер ұрлық пен вандализмге келу болса ол жастардың арасында қызық көру немесе мақтан көрушілік үшін жасалады. Зорлық-зомбылық болса ол бір адам екінші адамнан физикалық, моральдық тұрғыдан жоғары екенін сезіну және көрсету үшін жасалады. Себебі: қазіргі жастарға өмір сұрланып көрінеді сол кезеңнен өткені өтті данққа жетті, өтпегені өмірлік сабақ алды яки сол надандық деңгейде қалды" - деген пікірін білдірді.

Дәл осы мәселеге байланысты ЮНИСЕФ Қазақстандағы өкілетті органдармен бірге жүргізген зерттеулер нәтижесінде көрсеткендей еліміздегі зорлық, жасөспірім жеткіншектердің абақтыға жабылуы, мектеп оқушыларының бір - біріне әлімжеттік көрсетуі сынды

фактілермен тіркелгендер өте көп. Одан бөлек ересектердің шамамен 75%-ы отбасында балаларын жұдырықпен тәрбиелейтін көрінеді. 2-14 жас аралығындағы әрбір екінші бала отбасында зорлықпен тәртіпке салу шараларына душар болады екен. Осы жерде тағы да қазақы тәрбиенің тақырыбы қозғалады. Ата - ананың баласына қол көтеруі қазақы үйреншікті нәрсе. Алайда ата - бабаларымыз ешқашан бауыр еті баласын өлімші етіп сабамаған. Былтыр Түркістанда болған оқиға естеріңізде болса, атақұмар әкесымақ тырнақтай баласын өлімші етіп сабап жатқан видеосы әлеуметтік желіде тарап кеткен болатын. Ол өз жазасын алғанымен баланың психологиясында ол мәңгілікке бір ауру болып сақталып қалады. Осындай криминалды ортада өмір сүруі де баланың болашақта қылмыс жасауына ықпал етуі әбден мүмкін. Міне не үшін біз отбасындағы тәрбиені қозғаймыз, өйткені еліміздің болашақ ұрпақтары әуелі отбасында тәрбиеленіп шығады. Отбасындағы тәрбиенің қамалы мықты болса, оны қай кезде, кім болмасын бұза алмайды.

Өткен жылдары да қаракөз қазақ қызының жантүршігерлік оқиғада қаза тапқаны халықты біраз шулатты. Шыны керек ол оқиғаны да оқып отырып Американдық сериялық адам өлтіруші жайлы кино көргендей болдым. Неге? Себебі, соншалықты адамның қатігездігі мені қатты таң қалдырды.

Ал өткендегі Ресейдің Қазан қаласында болған оқиға үлкен қасірет. Қазан қаласының мектептерінің бірінде 19 жасар мектеп оқушысы мылтықпен оқ атып, 7-ге жуық, күзетші және 1 ұстаздың өмірін қиған. Бір қызығы ол бұл туралы алдын - ала әлеуметтік желідегі парақшасында жариялап жазған, алайда оның сөздеріне ешкім мән бермеген. Шынында да небәрі 19 жасар мектеп оқушысы, осындай қылмыс жасайды дегенге ешкім де сенбес еді. Бірақ ол жасады. Бұл теракт па әлде оқушының өзі ұйымдастырған қылмысы ма белгісіз бірақ 11 бірдей отбасының қара жамылып қалғанына кімді кінәлайды...?!

Қазіргі уақытта осындай жас буынның қылмыс жасауының алдын - алу мақсатында іс - шаралар жиналыстар өткізіліп тұрады. Осы тұрғыда ұлттық мәдениеттің, әдебиеттің тілдің, халықтық педагогиканың тарихы мен болашағы да жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты болып отыр. Алайда менің айтарым баланың ең әуелгі сусындайтыны ата - ана тәрбиесі, содан соң қоғам. "Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болады" деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай бала қоғамдық ортадан да, отбасынан да жеткілікті тәрбиеленсе осындай қылмыстар мен келеңсіздіктердің алдын ала алатынымыз сөзсіз. Ғаламтордың, жаңа технологиялардың, теле өнімдердің тез арада дамып кетуі тәрбиенің насихаттық жағына кері әсер еткені сөзсіз. Дегенмен, тәлімді тәрбиенің орны қашанда бөлек.

Жаннұр МҰСАЕВА,
3 курс студенті

ЖАПОНИЯДА БОЛҒАН ОҚИҒА...

Бірде көптен бері жұмыссыз жүрген жапон азаматы белді компанияға жұмысқа орналасады. Бастық оған: «Сені жұмысқа аламыз, бір ай сынақ. Бір айдан кейінгі нәтижеңе қараймыз» деп ескертеді. Оның қуанышы қойнына сымайды. Таныстары «қайда жұмыс істейсің» деп сұраса, ол «Бәлен деген компанияда» дейді кеудесін мақтаныш кернеп. Бірақ одан ешкім «ол компанияда кім болып жұмыс істейсің» деп сұрамаған еді. Сізше, ол кім болып жұмыс істейді? Бұл жағы жұмбақ болып қала тұрсын. Біз оның бір айды қалай өткізгенін әңгімелейік!

Ол өзіне сенім артқан компания басшысын ренжіткісі келмейді. Жатсатұрса, жұмысын тиянақты істеуді ойлайды. Компания басшысы оны көрген жерде арқасынан қағып, күлімсіреп қояды. Ол болса, бастық маған риза екен деп ойлайды.

Бір ай өтті. Бастық жас жігітті қабылдады. Ілтипат көрсетіп, алдына шай әкелгізді. Әңгімені төтесінен бастады.

- Сіз жұмысқа қабылданбадыңыз!

Жас жігіт аң-таң болды.

- Не үшін? - деді жұлып алғандай.

- Себебі, Сіз бір ай бойы жақсы жұмыс істедіңіз. Көп еңбек еттіңіз. Қиналдығыңыз. Шаршадыңыз. Бірақ, ештеңе ойлап таппадыңыз. Өзіңізді қинауға әзірсіз, бірақ, жұмысыңызды жеңілдетуді неге ойламадыңыз. Неге жаңалық ойлап таппадыңыз. Мен не үшін аула-

ны сыпыртқымен сыпыруым керек, басқаша бір жаңа зат немесе әдіс ойлап табуым керек деп ойламадыңыз. Бізге жаңашыл көзқарастағы жұмысшылар керек. Әрбір жапондық жаңашыл болғанда ғана, біз өркениетті ел есептелеміз, - деген екен бастық мырза жылы жымып.

Бұл бізгеде қатысты сөз. Біз қаншама жылдар өзгеге жұмыс істеп, айлығымыз шайлыққа жетпей өмір сүруден жалықпаймыз. Бір сәт өз өмірімізді жақсы жаққа өзгертейінші деп ойламаймыз. Жаңа заманда ескі сұрдекпен ғұмыр кешеміз. Жаңа технологияны пайдаланғымыз келмейді. Сіз жапондық азамат сияқты жаңалық жаратпай-ақ қойыңыз, бірақ, жаңа заманның жаңа технологиясын пайдаланып, өзіңіздің бейнетке толы өміріңізді өзгерткіңіз келмей ме?!.....

Фейзбуктен алынды



ЖАҢАРҒАН ТҮРКІСТАННЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ

Тәуелсіздіктің елең-алаңында көптеген өндіріс орындары жұмысын тоқтатып, түрлі ғимараттар да шала біткен күйі қаңтарылып қалды. Қаншама адам жұмыссыз қалған соң елдің күнкөрісі де қиындай бастаған. Бірақ, қанша қиыншылықты бастан кешіп жатса да ел өз болашағына сеніммен қарады. Сол бір алмағайып заманда отандастарымыздың жігері жасып, тауы шағылмай, тіпті айлар-жылдар бойы жалақы алмаса да алға қарай ұмтыла түсуіне тәуелсіздікпен келген теңдесі жоқ зор рухтың әсері болды.



Иә, барлық қиыншылықтарды сенім мен үміт қана жеңіп шығады. Тәуелсіздіктің таңы атқан отыз жылдағы жеткен жетістіктер мен бағындырған белестер, міне, осыны аңғартады. Соның жарқын мысалы ретінде көне Түркістанның күн санап көркейіп келе жатқанын айтуға болады. Алыстан көз тартатын әсем ғимараттары мен зәулім сарайларын айтпағанда, жаңа қала экономикалық тұрғыдан да көптеген игі бастамалардың көш басында тұр. Соның бірі ретінде осыдан үш жыл бұрын ашылған «TURKISTAN» арнайы экономикалық аймағын айтуға болады.

Рас, түркі әлемінің рухани астанасын одан әрі дамыту мақсатында құрылған аймақта соңғы үш жылдың өзінде айтарлықтай жұмыстар жүзеге асты. Жалпы ауданы 3014 гектарды құрайтын аймақ төрт субаймақтан тұрады. Тарихи-мәдени орталық 297 гектарды құраса, әкімшілік-іскерлік орталық 1350 гектарды, өндірістік аймақ 400 гектарды, әуежай аймағы 967 гектарды құрап отыр.

Тарихи-мәдени орталық – Түркістан қаласының басты жәдігері, түркі халықтары арасында маңызы жоғары рухани құндылықтардың бірі, Әзірет Сұлтан аталып кеткен Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің аумағын қамтиды. Алыс-жақыннан келген саяхатшылардың қажеттіліктерін қамтамасыз етіп, бәсекеге қабілетті туристік инфрақұрылымды дамы-

ту мақсатында көптеген қонақүй кешендері, «Қожа Ахмет Ясауи музейі», «Ұлы дала елі», «Шығыс моншасы», «Визит орталығы», сондай-ақ, халықаралық маңызы бар «Керуен сарайы» көп салалы туристік кешені бой көтерді. Іске асырылып жатқан жобалардың нәтижесінде Түркістан қаласына келетін туристер санын 2024 жылға дейін 5 миллионға жеткізу жоспарланып отыр.

Әкімшілік-іскерлік орталығы – Түркістан қаласының жаңа іскерлік ауданы болып табылады. Бұл аймақта Түркістан қаласын цифрландыру, заманауи үлгіде жұмыс жүргізуге ыңғайлы түрлі ғимараттар, соңғы үлгідегі тұрғын үй кешендері, «Көп бейінді аурухана құрылысы», «Олимпиадалық резерв дайындау кешені», «Назарбаев атындағы зияткерлік мектебі» және бұдан бөлек мамандандырылған мектептер, ойын-сауық орталықтары, бизнес жүргізуге негізделген басқа да орталықтар бой көтерді. Ал, өндірістік аймақ «Greenfield» және «Brownfield» типті болып екі аймақтан тұрады. Жалпы аумағы 365 гектарды құрайтын «Greenfield» өндірістік аймағы Түркістан мен Кентау қаласының ортасындағы Оранғай елді мекенінің тұсында орналасқан.

Жалпы ауданы 35 гектарды құрайтын «Brownfield» өндірістік аймағы Кентау қаласындағы бұрынғы экскаватор зауытының аумағында орналасқан. Аймақ толық пайдалануға дайын өнеркәсіптік ғимараттар мен қажетті инфрақұрылыммен қамтылған. Қалаға экологиялық әсері бар, қолданыстан шыққан зауытты жаңа технологиялық стандарттарға сай қайта жаңарту әрі шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында аймаққа инвестициялық жобалар тарту көзделіп отыр.

Әуежай аймағы 967 гектар аумақты қамтитын, облыс орталығынан 35 шақырым қашықтықтағы Кентау қаласына қарасты Шаға елді мекенінің маңында орналасқан. Туристік ағымды күшейту, туристік логистиканы қолайлы ету мақсатында салынған стратегиялық маңызы бар халықаралық әуежай бүгінде толық пайдалануға берілді.

Жоғарыда аталған жұмыстарды жылдам жүргізу үшін жергілікті әкімшіліктің қолдауымен «бір терезе» қағидаты жүзеге асырылғанын да айта кетейік. Соның нәтижесінде «TURKISTAN» арнайы экономикалық



аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы құрылды. Компанияның инвестициялық портфелі жалпы құны 408 миллиард теңгені құрайтын 23 жобадан тұрады. Аталған аймаққа келетін елеулі инвесторларға қолайлы жағдай жасау мақсатында 2043 жылға дейін оларды кеден салығынан, корпоративтік табыс салығы мен жер салығынан, мүлік салығы мен қосымша құн салығынан босату және өтеусіз негізде жер телімін беру қарастырылған.

Міне, осылайша жаңа Түркістанның жарқын болашағын шетелдік алпауыт ұйымдар да мойындай бастады. Бұрын-соңды мұншалықты қарқынды құрылыс жүрмеген Қазақстан Төңірдің берген Тәуелсіздігінің арқасында айтулы жетістіктерге жетіп отыр. Ендеше, азат елдің алғашқы отыз жылдықта еңсерген табыстарына тәубе дей отырып, жаңа ғасырдағы жаңа қаланың жетістіктері мен бағындырар белестері еселене береріне сеніммен қараймыз.

Назәрке ИМАШЕВА,
3-курс студенті

ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІ ҚОСЫМШАСЫ



İlk,orta ve lise tahsilini Ankara'da yaptı.Çocukluluğundan bu yana ideali olan tıp eğitimini ise 1994 yılında Türkiye'nin ilk resmi üniversitesi olan Ahmet Yesevi üniversitesinde Türk dünyasının pek çok bölgesinden gelen kardeşleriyle beraber tamamlayarak ,üniversitenin ilk öğrencilerinden ve ilk tıp fakültesi mezunlarından oldu.Üniversite yıllarında öğrenciliğin yanı sıra bağımsızlığının henüz ilk yıllarında olan Kazakistan – Türkiye arasındaki gönül elçiliği görevini çeşitli projelerle çalışmalarla yürütmeye çalıştı.bunların başında Ahmet Yesevi hazretlerinin anne, baba ve yakın akrabalarının bulunduğu Sayram'da ve hocası Arslan babanın türbelerinde kendi imkanlarıyla yenileme ve düzenleme çalışmaları yaptı. Üniversite tıp fakültesi dekanlığı ve mütevelli heyet başkanlığından destek aldığı imkansız hastaları için plastik cerrahi ameliyatlarını 11 yıl Türkiye'den gelen gönüllü hekimlerin bulunduğu İnterplast Türkiye derneği ile Kazakistan halkına götürmeyi başardı.bu ameliyatlar sayesinde doğuştan dudak ve damak yarığı olan çocuklar yeniden hayat bulurken ,yanık ile hayatları kararımış genç insanlar yeniden sağlıklı bir çehre kazandı.Türkiye'deki tarihsel kültürel özelliği bulunan şehirle Türkistan arasında kardeşlik protokolü imzalanmasını sağlayan Türk dünyası kardeş şehirler projesi oluşturarak uygulanmasında öncülük etti.

2000-2001öğretim yılında mezuniyet sonrası Türkiye'de sağlık alanında sağlık grup başkanlığı ,hastane kurucu başhekimliği gibi çeşitli görevler yaptı.2003 yılında başbakanlığın görevlendirilmesiyle üniversiteye Türkiye – Türk dünyası ülkeleri sağlık uyumlaştırıcısı olarak döndü. Üniversitenin Türkistan yerleşkesinde rektör danışmanlığı ,Türkistan ve Ahmet Yesevi tanıtım danışmanı olarak çeşitli görevler yaptı. Öğrencilik döneminden başlayarak ,Türkistan'ın ve Ahmet Yesevi yolunun tanıtılmasına verdiği katkılardan dolayı Kazakistan'da savaşta ve alanında üstün başarı gösterenlere verilen kurmetti azamatık [saygın vatandaşlık]berat ve madalyası verildi. Türkiye'de STK,Valilik ve üniversitelerinin ev sahipliğinde çok sayıda Ahmet Yesevi ve Türkistan konulu konferanslar verdi.Çok sayıda televizyon programında katılarak yesevi yolu ve Türkistan'ın tanıtılması çabalarını yıllardır sürdürmekte ve şuanda Kırıkkale Yahşihan sağlık müdürlüğü olarak görev yapmakta olan Dr.Fatma sönmez ,Türkistan saygın vatandaşı olarak Türkistan ve hazret sultan yesevi yoluna büyük sevdasıyla Türk dünyası çalışma ve projelerinin hepsinde canla başla yer almaya devam etmekte.

Gelin şimdi bu röportajla Dr. Fatma Sönmezi birlikte tanıyalım...
Gazeteci Hicran Cengiz: Merhabalar , öncelikle benimle bu röportajı gerçekleştirdiğiniz için size şükranlarımı sunarım. Dünyada olan covid19 salgını nedeniyle bu röportajımızı online gerçekleştirmek zorunda kaldık. Siz nasıl etkilendiniz covid19 salgınından?

Dr.Fatma Sönmez:Ruhsal olarak çok olumsuz etkilenmedim çünkü hekimliği bir yana bırakırsam bir insan bir vatandaş olarak her zaman hastalıklara karşı özellikle de bulaşıcı hastalıklara karşı tedbir ve takdir dengesini iyi kullanan bir yapım var. Önümdeki bir durum için muhakkak elimden geleni yaparım elimden gelenin en iyisini yapmaya gayret ederim ama ötesinde bizi yarada'nın takdirine dayanır teslim olurum teslimiyet gücü ve sınırları biraz yüksek bir yapıdayım.

Covid19 döneminde yurtdışında yaşayan vatandaşlarımızın ülkemize getirildiği karantina merkezlerinden bir tanesinde başhekimlik yaptım.o dönemde bir hekim olarak ve bir sağlık idarecisi olarak ihtiyacı olan herkese azami derecede gece gündüz destek vermekten ve sorumluluğumda olan ekipleri yönetip yönlendirmekten çok büyük bir gurur duyduğum diyebilirim. Çünkü inanıyorum ki ülkemizde ve ata yurdum Kazakistan'da covid19 tedbirleri sağlık idaresi tedavi usulleri dünyanın ileri ülkelerinden çok daha iyi bir şekilde yönetildi.o yönetimin bir parçası olmak ayrıcalıktı benim için.

Gazeteci Hicran Cengiz : Buyurun isterseniz benim hazırladığım sorularıma geçelim.

Dr.Fatma sönmez : Tabi ,geçebiliriz

Gazeteci Hicran Cengiz: Okuduğunuz yıllardaki Kazakistan[1994] ile şimdiki Kazakistan'ı anlatır mısınız?

Dr.Fatma sönmez:O zamanlar ki Kazakistan ile şimdiki Kazakistan arasında tabi ki özellikle ülkenin bütün dünya yüzeyindeki varlığı manasında ekonomik olarak çok büyük bir gelişme söz konusu Kazakistan zaten Türk dünyasının bana göre parlayan yıldızı hem etrafındaki komşu ülkelerle hem de bütün dünya ülkeleri ile üye olduğu ortamlarla en iyi şekilde ilişkileri olan mutabakat sağlayan ve gelişmesini her geçen gün daha da çoğaltan büyüyen bir ülke. Biz gittiğimizde yeni bağımsız olmuş bir ülkeydi. Sovyet sosyalist cumhuriyetler birliğinden ayrılmış olması ve o ülkelerin her birine yaşanan sıkıntılar elbette ki orada da vardı ama çok hızlı bir toparlanmayı ,çok hızlı güç birliği oluşturmayı ve hızlı bir şekilde gelişim düzeyini yakalamayı yine kurucu Cumhurbaşkanı Elbaşı Atam Nursultan NAZARBAEV tarafından sağladı.Bugün ki Kazakistan'a baktığımda özlere ve köklerinden kendi öz kimliğinden bir şey kaybetmeden bakın bu noktası çok önemli çünkü kazak Storeları dün neysem bugünde öyle ben inanıyorum ki sonsuza kadarda öyle kalacak .Yani kazak desturlarının temelinde yer alan aile mefumu anne ,baba saygısı ya da öz kültürüne bağlılık her zaman aynı kalmakla beraber dünyanın gelişim seviyesinden en iyi şekilde istifade etmeyi başaran nadide ülkelerden bir tanesidir.

Gazeteci Hicran Cengiz: Kazakistan başbakanından Nursultan

Fatma Sönmez ile Röportaj



NAZARBAEVDEN kurmetti azamatık yani saygın vatandaşlığa layık görüldünüz.Nasıl bir duygu anlatır mısınız ?

Dr.Fatma sönmez: Türkistan vatandaşlığı böyle dışarıdaki belki de Avrupa ülkelerindeki vatandaşlık gibi talep edilerek alınan bir şey değil gönüllü hizmetler neticesinde onların kendilerinin adımıza karar verip verdikleri bir vatandaşlık .Bir nevi onur etmek onur belgesi gibi manevi bir kimlik olarak söylenebilir.Yani Türkistan saygın vatandaşı unvanını aldığım bütün ödüllerden son derece daha kıymetlidir.Benim için çünkü Türkistan kimliği olan Türkiye'deki beş kişiden bir tanesi olmanın kıvancına ve gururunu hep yaşadım yaşıyorum.

Gazeteci Hicran Cengiz: Üniversitemiz hakkında neler söylemek istersiniz ?

Dr Fatma sönmez: Tabi burada Üniversitemden de bahsetmem gerekir çünkü üniversitem benim her zaman mensup olduğum mezun olmakla gurur duyduğum son derece önemli bir eğitim ocağıdır. Bugün bana sorsalar yeniden aynı şartlarda yine aynı üniversitede eğitim alırsanız hiç tereddüt etmeden evet derim...Çünkü insanın atalarının nefes alıp verdiği topraklarda bizi biz yapan değerlerin temelini bulunduğu topraklarda uluslararası konumda Türklerin bilime maneviyatının yegane atası Ahmet yesevi Atamın kurduğu üniversitede meslek sahibi olmak için bilime almak bilimle ilimle bezenmek çok büyük bir ayrıcalıktır . Nisan ayında son ziyaretimde gittiğimde üniversitemi de ziyaret ettim biraz zaman kısıtlı olsa da özellikle üniversitemi görmek istedim geçen yıllar içerisinde ne kadar büyük bir gelişim kat ettiğini modern fakülteleri lavobatuvar kütüphaneleri spor kompleksleri sosyal alanları ile gururumun çok ötesinde bir eğitim yuvasına dönüştüğünü ve emek verenleri görmek çok ayrı bir heyecan oldu benim için Türkiye ve Kazakistan tarafından emek veren pek çok hocamız var orada. Türkiye Kazakistan tarafı rektörlerimiz çok kıymetli öğrenci ilişkileri ile ilgili sorumlu kişiler çok kıymetli öğrencileri çok kıymetli velhasıl Üniversitemiz çok kıymetli...Özellikle belirtmek istiyorum ki öğrencilik dönemimde beraber öğrenci olduğumuz Türkiye'de doktora öğrencisi olan çok değerli bir hanımefendinin şu anda üniversitemizin rektörlük koltuğunda oturması ise çok başka duygular benim için... Bir yanı gurur verici bir başarının göstergesi diğer bir yanı tıpkı Ahmet yesevi Atamın yetiştirdiği talebeleri inşa edilmesi gereken topraklara göndermesi misali bizim üniversite çatısı altında yetişmiş bir hanımefendinin şimdi hem iki ülke arasındaki ilişkilerin kilometre taşı olması hem de üniversiteye genç dinamik bir hanım eli olarak gelişmesine çalışmaların daha da büyümesine genç insanların proje Üretmede destek vermesini katkısı müthiş. Üniversitemiz bir markadır her fakültesi her eğitimi halka sunduğu hizmetleri ile bölgede sadece bölgede değil sadece Kazakistan'da değil Türk dünyası yolunda çok önemli bir kazanımdır,Bu manada öğrencisi öğretmeni ve yönetimi ile bu katkıyı sunan herkese mütevelli heyet başkanımız prof. doktor Muhittin Şimşek Hocamın ve rektörümüz prof. Dr. Jaanar hanımefendinin Adıyla teşekkürlerimi sunuyorum,İyi ki Yesevi'liğim.

Gazeteci Hicran Cengiz :Kazakistan başbakanı Nursultan NAZARBAEVE hediye gönderdiniz ve herkes tarafından çok merak edildi. Nedersiniz merakları sonlandırılır mı ?

Dr.Fatma sönmez:evet çok merak edilmiş gerçekten bir mektup yazıp çerçeveletirdim ve onu Nursultan NAZARBAEVE gönderdim ve kendisinden bana teşekkür mektubu geldi . Belki Pandemi sebebiyle sadece mektubuma mektupla cevap geldi ama en büyük isteklerimden belki son dönem hayallerimden bir tanesi de yıllar önce karşılaştığımız Kazakistan'ımızın kurucu cumhurbaşkanı el başımız benim atam Nursultan Nazarbayev ile Bir kez daha yüz yüze görüşmek istiyorum.Ona Türkistan ile ilgili yapmak istediğim projeleri anlatmak istiyorum.Onun gözlerine bakarak ne kadar müteşekkiri olduğumu tekrar söylemek istiyorum.Onun huzurunda ona olan hürmetimi sunmak istiyorum.Onu görmek sanki ötelere ataları mı görmek misali benim için,Hatta bundan sonraki ata yurdum Kazakistan ve ata yolum Yesevi'yi yolu için yeniden güç bulmak gibi benim için.

Gazeteci Hicran Cengiz: Sizi tanıdığımıza gerçekten çok mutluyum çok memnun oldum.Benim ile bu röportajı gerçekleştirdiğiniz için çok teşekkür ederim.

Dr.Fatma sönmez: Bende çok memnun oldum.Asıl ben teşekkür ederim ne demek .



ДӘСТҮРЛІ МЕДИАНЫ ДӘРІПТЕУ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Арқалағаны алтын болғанымен жегені таяқ болған маман иелері- журналист екендігі баршамызға мәлім. Қаламын қару қылып асынып, өз жұмысына білек сыбана кірісе кететін бұл маман иелерін төртінші билік өкілдеріне жатқызуы да тегін емес. Өйткені, оларға артылған жүктің салмағы едәуір ауыр.

Уақыт көшін алға тартқан сайын жаңару, жандану. Ғылым мен техниканың дамыған осынау заманында жастардың журналистика саласына деген қызығушылығы ерекше. Бұл, әрине көңіл қуантарлық жайт. Десе де, журналистика саласына оқуға түскен талапкерлердің басым көпшілігі неліктен телевизия саласына айрықша құмартады? Не үшін газет журналистикасына көп жастың жүрегі дауламайды? Қазіргі заманда журналист болу қаншалықты оңай? Жастарды газет-журналға қалай қызықтырамыз? Міне, осы сынды сауалдар көпшіліктің көңіліне кірбің ұялатып қана қоймай, газет журналистикасына деген жанашырлық сезімінің одан әрі ұлғаюына сеп болады.

Журналистика факультетіне түскен студенттерге «Журналистиканың қай саласын таңдайсыз?» деген сауал қоятын болсақ, 99 %-ы тележурналистика дейді. Ал, газет журналистикасына кім барады? Тележурналистикаға жастардың қызығуына не себеп? Керемет кескін-келбетімен елге танылума, әлде ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүргендегісі ме, бәлкім шынымен телевизия саласына өзіндік жолын қалыптастырғысы келетіндер ме кім білсін!? Бірақ, оларға газет-журналға телміріп, қағаз бен қаламды шимайлап мақала жазғаннан камера алдында сөйлеген жеңілірек. Осының салдарынан қазақ газет журналистикасы құнын жоғалтып құлдырап келеді.

Қазіргі таңда «медиа» ұғымы екіге бөлініп жаңа медиа және дәстүрлі медианы қамтитын болды. Жаңа медиа дәстүрлі медианы заманауи технологиялармен жаңаша түрде жеткізу болып саналады. Бәлкім, осы себептен жастардың жаңа медиаға деген қызығушылығы басым. Жаңашылдықты жастардың қашанда жаны сүйеді. Қазіргі таңда, дәстүрлі медиаға жастарды ғана емес оқырмандарды да қызықтыру қиындық тудырады. Технологияның дамуына байланысты жаңа медианың пайда болуы дәстүрлі медианы әлсіретіп қана қоймай шетке ығыстырып тастады.

Дәстүрлі медианың өкілі ретінде газетті алсақ, жаңа медианың өкілі ретінде сайтты алайық. Газет пен сайтты салыстырғанда сайт әлдеқайда жылдамдық танытады. Газет аптасына, айына 1 рет шығуына байланысты уақыт жағынан ұтылуы мүмкін. Екеуі де белгілі бір ақпаратты жеткізуші, хабарлаушы. БАҚ-ның қай саласы болмасын мақсаты бір, оқырманға, тыңдарманға, көрерменге жеткізуі өртүрлі бағытта. Архивтегі записер немесе сайтта жарияланған құнды деректеріңіз өшіп кетпеуіне кім кепіл. Ал, газет бетінен жарық көрген материалыңыз ешқашан өшпейді.

Жаңа медиа мен дәстүрлі медиа бір-бірін толықтырып қатар жүруі тиіс. Не үшін дәстүрлі медианы дәріптеуіміз қажет? Газет журналистикасының тарихы онсызда бәрінен ерте бастау алды. Газет журналистикасы өз тақырыбы бойынша сарқылмайды, оның жанрлық ауқымы үлкен. Мен медианың 2 түрін де қолдаймын. Сол себепті сайт және оған сәйкес газетті көбейту керек деп ойлаймын. Болашақ журналистерді де журналистика бағытын таңдауда жаңылмауға шақырамын. Дәстүрлі медианың дәмін татпай, бірден жаңаға ұмтылуға асықпайық.



ЖАРЫЛҚА, ЖАҢА ЖЫЛ!

ЖАҢА ЖЫЛ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР



Жаңа жыл – барша жұрт асыға күтетін, таңғажайып әрі ең көңілді отбасылық мерекелердің бірі. Көптеген елде 31 желтоқсаннан 1 қаңтарға қараған түні тойланады. Жаңа жыл әр елде ұлттық салт-дәстүрге сай тойланады, десек те, алуан түрлі ойыншықтармен безендірілген әсем шырша, түн ортасында сағаттар соғып, Жаңа жыл келгенін білдіруі, шампан, жаңа жылдық дастархан, сыйлықтар, ғажайыптар мен жақсылыққа сену – бәрімізге ортақ.

Жаңа жыл қашан пайда болды?

Ғалымдардың айтуынша, Жаңа жылды тойлау шамамен біздің дәуірімізге дейін 3000 жылы алғаш рет Месопотамияда басталған. Көне замандағы адамдар Мадрук құдай зұлымдық пен өлімді жеңді деп санаған. Сол себепті Месопотамия халқы жақсылықтың жамандықты жойғанына қуанып, бірнеше ай бойы тойлайды. Әртүрлі карнавалдар, маскарадтар мен шерулер өткізеді. Мейрам кезінде жұмыс істеуге, жазалауға және сот шешімін шығаруға тыйым салынған.

Уақыт өте келе бұл дәстүрді мысырлықтар мен гректер жалғастырып, содан соң римдіктер мен өзге халықтарға тарай бастайды. Ежелгі Грекияда Жаңа жыл жазғы күн тоқырауы – 22 маусымда тойланып, шарап құдайы – Диониске арналған. Гректердің жыл санауы Олимпиада ойындарынан басталды.

Көне заманда Жаңа жыл қалай тойланды?

Бірнеше ғасыр бойы Көне Мысырда шілде-қыркүйек айларында Ніл өзенінің арнасынан асуы аталып өткен. Осы бір аса маңызды кезең жаңа егін маусымының басталуын білдіретін. Ніл өзені суының киесі бар деп сенетін мысырлықтар Жаңа жылды тойлаған кезде Нілдің «қасиетті суын» құмыраларға құйып алатын болған. Ырым бойынша Нілдің суы ескі-құсқыны шайып жібереді. Сол кезден бастап жаңа жылда ән айтып, би билеу, мерекелік дастархан жайып, бір-біріне сыйлық жасау дәстүрі басталыпты.

Көне заманда Жаңа жыл қалай тойланды?

Бірнеше ғасыр бойы Көне Мысырда шілде-қыркүйек айларында Ніл өзенінің арнасынан асуы аталып өткен. Осы бір аса маңызды кезең жаңа егін маусымының басталуын білдіретін. Ніл өзені суының киесі бар деп сенетін мысырлықтар Жаңа жылды тойлаған кезде Нілдің «қасиетті суын» құмыраларға құйып алатын болған. Ырым бойынша Нілдің суы ескі-құсқыны шайып жібереді. Сол кезден бастап жаңа жылда ән айтып, би билеу, мерекелік дастархан жайып, бір-біріне сыйлық жасау дәстүрі басталыпты.

Рош Ха-Шана немесе Еврейлердің Жаңа жылы иудейлердің ай күнтізбесі бойынша тишрей айының алғашқы күнінен басталады: ол көбінесе қыркүйек айының ортасы қазан айының басына сәйкес келеді. Рош Ха-Шана күні адамның келер жылғы тағдыры шешіледі деген сенім бар.

Кельттер сол замандағы Батыс Еуропа дәстүріне сәйкес Жаңа жылды қазанның соңында тойлаған. Мереке «Жаздың соңы» деп аталыпты, адамдар үйлерін ақ жидекті улы бұта – омеламен безендіріп, зұлымдықтан қорғайды деп сенген. Сонымен бірге Жаңа жыл күні өлілер тіріледі деген ұғым қалыптасқан. Бұл күні отағасы әйелі мен бала-шағасына әртүрлі сыйлық алу үшін ақша береді.

Русьте Жаңа жылды көктемде ауыл шаруашылығы жұмыстары басталған шақта – 1 наурызда тойлайтын. Кейінірек жылдың басы 1 қыркүйек болып белгіленді. Кейінірек 1699 жылы Петр I қабылдаған жарлық бойынша жыл санау 1 қаңтардан басталатын болған. Жаңа жылды қазіргі кездегідей түн ортасында тойлайтын. Бүкіл отбасы мерекелік дастархан басына жиналып, Жаңа жылды күткен. Түнгі сағат 12:00 болғанда, қалада хабар беретін зеңбіректер атылып, шіркеулерде қоңырау соғылып, «Жаңа жыл келдің» деп жар салатын.

Қытай күнтізбесі бойынша баяғы заманда Жаңа жылды бір ай бойы тойлаған. Жаңа жыл жаңа ай туған кезде басталатын – ай күнтізбесі бойынша 17-19 ақпан аралығы. Жаңа жыл түні Қытай көшелерінде сансыз көп шам жағу дәстүрі қалыптасқан.

БАРЫС ЖЫЛЫ ТАБЫСТЫ ЖЫЛ БОЛСЫН!

Келе жатқан Жаңа Барыс жылы құтты болсын! Берекелі, ырысты, табысты жыл болып тарихымызға алтын әріптермен жазылатын жеңісті жаңалықтар алып келсін, әр қазақтың жүрек түкпіріндегі игі мақсаттары орындалсын! Айналада Жаңа жылға дайындық қарқынды жүріп жатыр... Жаңа жыл түгілі әрбір атқан жаңа таңды тойлауға адам баласының толық құқы бар. Оның үстіне бұл мерекенің түп тамыры Ғайса (Иса) пайғамбардың өз үмбеттері азаптап шегелеп тастаған өлімінен құтылып, Ұлы жаратушы Алланың құзырына тірідей өткен күнінен туындағанында жатыр емес пе? Ғайса пайғамбар дінін ұстанатын жандар бірін-бірі Ғайсаның тірілуімен құттықтап жатады. Рождество мерекесінің шын қасиеті туралы еуропа жазушылары жақсы шығармалар қалдырған. Әсіресе, ағылшын сыншыл реалист жазушысы Ч.Диккенс «Рождество повестері» дейтін повестерінде бұл мерекенің адам баласының жан дүниесін тазартуға әсер етуі керектігін түсіндіреді. Скруджд атты жүрегі тастай қатты, күлуді қылмыстай сезінетін кейіпкерінің осы түнде мүлдем жаңа адам болып өзгеруін сенімді суреттейді. Бұны айтып отырған себебім бұл мерекенің ішкі мазмұны ұмытылып, тек қызылды-жасылды сыртқы түрі сақталғанын жыл өткен сайын анық сезінемін. Біздің еліміз пролетариат көсемі В.Лениннің ақылды басшылығымен тіпті адамдарға зиян келтіретін түрлі кейіптегі Жын шайтандарды сыйқырлы таяғымен қуып тазалайтын әулие Санта Клауды да Аяз атаға айналдырып, әлі де Аяз атаны күтіп алады. Осы арқылы бұл мерекенің негізгі мазмұны өзгеріп, сыртқы ойыншықтары мен бояулары қалды. Өзіміз алданамыз, ең өкініштісі, балаларды өтірікке үйретеміз. Бұл мереке - адамдардың жүрегін тазартатын, мейірім мен қайырымдылық салтанат құратын ғажайп мереке. Әр адам, алдымен өз жүрегін тазартып, Мұхаммед с.ғ.с. айтқандай «үлкен жихадта» жеңіске жетуге ұмтылатын мереке. Содан соң өз отбасына, туған туыс, көрші, айнала ортасына мейірімін төгуге, қолынан келсе мұқтаждығына жәрдем етуге міндеттейтін мереке. Бірақ, біз олай етпейміз. Адам баласы үшін міндеттелген мәселе мүлдем ұмыт қалып, жасанды қуаныш, жасанды молшылық, жасанды салтанат билік құрады. Бір қызығы бәріміз осы алдағанға, алданғанымызға, балаларымызды алдағанымызға қуанамыз. Естеріңізге түсіріп көріңіздерші, осы күні кімді қуанып, кімнің мұқтажын өтеп, кімге мейірім төге жылылық сыйлап едіңіз? Бұл мерекенің негізгі атқарылуға тиіс уәзифасы осы екенін есіңізге алып па едіңіз?..

Балаларым бақшаға баратын кездегі бір оқиға есімнен кетпейді. Нұрлан төрт жасар, жаңа жылдық шыршадан үйге келе жатқанбыз. - Аяз ата Аяз ата емес, ол әйел,- деді аузы бұртиып. - Неге, үлкен сақалы бар, ата ғой,- дедім. - Оның етігі Васильевнаның етігіндей, әйелдікі, Аяз атаның етігі үлкен болуы керек, ол - әйел, бізді алдады, сені де алдады, - деп өкпелеп томсырайып қалды. Аяз ата, шындығында солардың тәрбиешісі Валентина Васильевна болатын. Мен сөз таппай, ойлап қалдым. Кішкентай бала алданғанына қатты ренжіді. Алдамшы дүние, өзімізді өзіміз де аямай алдаймыз, алданғанымызды білсек те, өзгеруге ұмтылмаймыз. Алданып жүріп алдаймыз, алдап жүріп алданамыз, бірақ бала ғұрлы іреніш білдірмейміз... Біздің қоғам дәл қазіргі күні мейірімге мұқтаж. Бір ғана мысал, көшеде бір таныс шын көңілімен қуанып амандасса, сол күні жаным нұр құйылғандай, іштей көңілім өсіп, жадырап жүремін. Жақындарымызға, айналамызға мейірім сыйлайықшы

Жаңа жылда баршаңыздың жүректеріңіз күнәдан тазарып, айналаға мейірім шашып тұруын тілеймін! Барыс жылы, еліміздің төріне айбарың мен айбатыңды мейірімге бөлеп орныққайсың!

Жанымгүл КАМАЛҚЫЗЫ,
ардагер ұстаз

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Медиа орталығы

Журналист:

Эльмира Артықбаева

Фото маманы: Нахып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru